

С. Сейфуллиннің 125 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары – 15: Жастар, ғылым, технологиялар: жаңа идеялар мен перспективалар» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Международной научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 15: Молодежь, наука, технологии - новые идеи и перспективы», приуроченной к 125 летию С. Сейфуллина. - 2019. - Т.І, Ч.1 - Б.22-24

САЙРАМ-ӨГЕМ МҰТП АУМАҒЫНДАҒЫ ПІСТЕ ОРМАНДАРЫНЫҢ ЖАҒДАЙЫ

Мазаржанова Қ. М., Садық А.

Қазақстанда орман алаңдары оның ішінде ЕҚТА-дың көлемін ұлғайта отырып, қорғау, сақтау олардың санын көбейту жұмыстары жылдан жылға қарқынды жүргізіліп келеді. Оның дәлелі 2003 жылы құрылған «Семей орманы», «Ертіс орманы» мемлекеттік табиғи орман резерваттары 940 мың га алаңды алып жатқан болса, 2018 соңғы құрылған «Іле-Балқаш» мемлекеттік орман резерватын қосқанда олардың саны 6 болып, 3,1 млн гектарды құрап отыр. Сонымен қатар, Қазақстанда алғашқы рет 1985 жылы Баянауыл МҰТП ашылған болса, 2011 жылы олардың саны 12, ал 2018 жылы «Тарбағатай» қосылып, қазір 13 мемлекеттік ұлттық табиғи паркі бар [1].

Олардың ішінде Түркістан облысында орналасқан (бұрынғы ОҚО) ҚР Үкіметінің 2006 жылғы 26 қаңтарындағы № 52 қаулысымен өсімдіктер мен жануарлар әлемін қорғау жөніндегі Түлкібас, Төлеби, Өгем мемлекеттік мекемелерінің қосылуымен Түркістан облысында (бұрынғы Оңтүстік Қазақстан облысында) Сайрам-Өгем мемлекеттік ұлттық табиғи паркі құрылды. Ұлттық парк Батыс Тянь-Шанның солтүстік-шығыс бөлігінде орналасқан. Сондай-ақ парк аумағы Өгем, Қаржантау, Қазығұрт, Боралдайтау және Талас Алатауының солтүстік-батыс тау сілемдері мен Өгем, Сайрамсу, Қасқасу, Біркөлік, Бадам, Машат, Дәубаба және Көкбұлақ өзендерін қамтиды 149 037 га құрайды. Сайрам-Өгем мемлекеттік ұлттық табиғи паркі жағрафиялық орналасуы, өсімдік және жануарлар әлемімен ерекшеленеді. Бұл парк аумағындағы екпе пісте ормандарын үздіксіз пайдалану жолында оларды ұлғайту, сақтап қалу үшін жүргізілетін әртүрлі зерттеу жұмыстары бүгінгі таңда маңызды әрі өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Сондықтан пісте ормандары зерттеу алаңы ретінде таңдалып алынды.

Зерттеу жұмыстарын әдебиет көздерінен шолумен бастап, жұмыстың міндеттері алға қойылып, әдістемесі таңдалды. Алдымен пісте ормандарында үлгі алаңдары салынды. Таңдап алынған ағаш түрінің өсуі мен даму жағдайын анықтау үшін №1, №2 және №3 үлгі алаңдарында арнайы өлшеу айыршасымен ағаштардың діндері және электронды аспаппен олардың биіктіктері өлшеніп, кәдімгі пістенің таксациялық көрсеткіштері есептелінді. Барлық жұмыстар жалпы орманшылық әдістемелеріне сәйкес жүзеге асырылды. Сонымен қатар, тексеру және бақылау барысында екпелердің жалпы тіршілікке бейімділігі, санитарлық гигиеналық және өсу жағдайын

анықтау үшін В.А. Каппер шкаласы бойынша көз мөлшерімен бағалау [2, 3] жұмыстары жүзеге асырылды.

Кәдімгі пісте – Сумахтар тұқымдасының пісте туысына жатады, көп дінді ағаш, биіктігі 5-7 (10) метрге дейін жетеді. Қабығы ақшылдау, сұр ақшыл, бір жылдық өркендерінің қабығы сұр, қызғылт қоңыр. Ұшарбасы қалың, шар тәрізді, көпдінді өсімдіктерде диаметрі 4-5 метрге дейін болады. Екі үйлі ағашқа жатады, бүршіктері үлкен емес, үшкір, қоңыр-қара түсті, аналық түрлерінде созылған, ал аталық түрлерінде дөңгелек және ірі болып келеді. Гүлдері күрделі шашақты бүйірдегі гүл шоғырына жиналған. Аталық гүлдері дөңгелек және ірі болып келеді. Аталық гүлдерінде екі гүл жапырақшасы және бір жапырақшалы гүлсерігі бар. Аналық гүлдер бір немесе екі гүл жапырағымен және 2-5 жапырақшалы гүлсерігімен болады. Жемісі – жұқа экзокарпты және қатты эндокарпты бірұрықты сүйекше. Наурыз, сәуір, мамыр айларында гүлдеп, шілде-қыркүйек айларында жеміс салып, піседі

Зерттеу жұмысымыз Сайрам – Өгем МҰТП-да жүргізіліп, төмендегідей нәтижелерге қол жеткізілді.

Таксациялық көрсеткіштер бойынша жалпы саны 350 ағаштың орташа биіктігі мен орташа диаметрі өлшенді.

Кәдімгі пісте *Pistacia vera* L. екпелерінің таксациялық көрсеткіштері есептелініп, өсу және даму жағдайлары анықталды:

№1 үлгі алаңында өлшенген 115 кәдімгі пістенің орташа биіктігі 3,2 м, ал орташа диаметрі 33,3 см. Ең ірі диаметрі 62 см болса, ең кіші диаметрі 18 см. Ал биіктіктерінің ең жоғарғысы 4,0 м, ең төменгісі 2,2 м болды. 18-20 см арасындағы диаметрдегі пісте ағаштары 16%, 21-40 см – 58%, 41-62 см - 26% -ды құрады. 2,2-3,0 м арасындағы биіктіктегі пісте ағаштары 54%, 3,2-4,0 м - 46% -ды құрады.

№2 үлгі алаңында өлшенген 140 кәдімгі пістенің орташа биіктігі 3,1 м, ал орташа диаметрі 33,1 см болса, ең үлкен диаметрі 62 см, ең кіші диаметрі 18 см. Ал биіктіктері бойынша 2,2 м – 4,0 м аралығында болды. 18-20 см арасындағы диаметрдегі пісте ағаштары 8%, 21-40 см – 69%, 41-62 см - 23% -ды құрады. 2,2-3,0 м арасындағы биіктіктегі пісте ағаштары 51%, 3,2-4,0 м - 49% -ды құрады [4].

№3 үлгі алаңында өлшенген 95 кәдімгі пістенің орташа биіктігі 3,1 м, ал орташа диаметрі 33,3 см. Ең ірі диаметрі 62 см болса, ең кіші диаметрі 18 см. Ал биіктіктерінің ең жоғарғысы 4,0 м, ең төменгісі 2,2 м болды. 2,2-3,0 м арасындағы биіктіктегі пісте ағаштары 58%, 3,2-4,0 м - 42% -ды құрады.

В.А. Каппер шкаласы бойынша, №1 үлгі алаңындағы *Pistacia vera* L. 115 пісте ағашының 13 данасы 1 балл гүлдеуі және өнімі төмен – 11%, 34 дана 2 балл гүлдеуі және жемісі орташа – 30%, 68 дана 3 балл гүлдеуі және жемісі жақсы – 59%-ды құрады.

№2 үлгі алаңындағы *Pistacia vera* L. өсуі мен даму жағдайлары орташа. В.А. Каппер шкаласы бойынша, 140 пісте ағашының 19 дана пісте ағашы 1 балл гүлдеуі және өнімі төмен – 14%, 62 дана пісте ағашы 2 балл гүлдеуі

және жемісі орташа – 44%, 59 дана пісте ағашы 3 балл гүлдеуі және жемісі жақсы– 38% құрады.

№3 үлгі алаңындағы *Pistacia vera* L. өсуі мен даму жағдайлары орташа. В.А. Каппер шкаласы бойынша, 95 пісте ағашының 10 дана пісте ағашы 1 балл гүлдеуі және өнімі төмен – 11%, 25 дана пісте ағашы 2 балл гүлдеуі және жемісі орташа – 26%, 60 дана пісте ағашы 3 балл гүлдеуі және жемісі жақсы – 63% құрады. Яғни, бұл көрсеткіштерден кәдімгі пістенің жағдайы жақсы екендігін көруге болады өйткені олардың гүлдеуі мен жеміс беруі де жақсы.

Сайрам-Өгем МҰТП –гі бұл зерттеу жұмыстары болашақ орманшы ретінде біздер үшін үлкен тәжірибе болды. Университетте теория жүзінде алған білімімізді, мысалы: телу, өлшеу т.б. жұмыстарын тәжірибеде пайдалану мүмкіндігіміз болды. Алдағы уақытты кәдімгі пістелердің салмағы, экологиялық жағдайы, түр құрамына байланысты өсуі мен даму жағдайлары туралы зерттеулеріміз жалғасын табады.

Әдебиеттер тізімі

1. Production Potential and Development Opportunities of Pistachio (*Pistacia vera* L.) Grown in Southeastern Turkey. Derleme Makalesi / Review Article Iğdır Üni. Fen Bilimleri Enst. Der. / Iğdır Univ. J. Inst. Sci. & Tech. 8(1): 19-22, 2018

2. Рустамов И.Г., Кепбанов П.А. Природные популяции и культура фисташки настоящей (*Pistacia vera* L.) Бадхызе / г.Ашгабад, 2012 г.

3. Сайрам-Өгем мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің жылдық қорытынды есебі / 2017 ж. 17 б.

4. Калмыков С.С. Фисташки Казахстана - неиспользованный резерв природных богатств// Лесное Хозяйство, 1952.– №2. Б. – 49-55.